

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



**Бөрібай ҚҰЛМАНОВ,**  
ардагер, Қызылорда қаласының  
құрметті азаматы:

## «БІЗДІҢ ХРИСТОФОР КОЛУМБ»

Менің Бақытқожамен таныстығымның екі жағы бар. Бірінші жағы, әкесі Төлегенмен біз Сыр бойында бірге өскен жерлеспіз. Екінші жағынан, Төлегенмен Құдай қосқан мың жылдық құдамыз. Төлеген елге еңбегі сіңген, Оңтүстікке белгілі азамат болды. Соның кіндігінен шыққан ер баласының үлкені, әкесіне тартқан көпшіл, адамгершілігі мол, өте білімді азамат Бақытқожа Рүстемов. Оңтүстік өңір өзге облыстардан ауқымы үлкен, өрісі кең аймақтың бірі. Ал, осындай аймақта еңселі ердің ұлы болу, сонымен қатар әке тәлімін көріп, еліне елеулі қызмет жасау әркімнің қолынан келе бермес дүние. «Әке көрген оқ жанар» деген накылға негіздесек, Бақытқожа әке ізін жалғаған тұяқ. Бүгінде аймақ көлемінде ғана емес, халықаралық деңгейге көтерілген азамат. Токсанның төртеуіне келіп, Ұлы Отан соғысының ардагері атанған азамат ретінде мен үнемі Бақытқожаның тілеуін тілеп отырамын. Неге десеңіздер, біздің қоғамға және болашаққа осындай азаматтар керек-ақ.

Мен Бақытқожаны еңбекқорлығының арқасында халықаралық деңгейге жеткен азамат

ретінде бағалаймын. Қазақстанның кім екенін, қандай ұлт екенін өзге алыс-жақын шет елдерде шығармалары арқылы дәріптеп жүрген жазушы екендігін мақтан тұтамын.

Мәдениеті жоғары, білімі мықты, адамгершілігі мол бір қазақ болатын болса, ол Бақытқожа дер едім. Үлкенді де, кішіні де құрметтеп сыйлай білетін, ағайын-туыстың, құда-жекжаттың қадіріне жете білетін адам. Әкесінен алған тәлімін өз өмірінде пайдаланып, өзінен өрген ұрпақтарының да бойына сіңіруде. Жасымың үлкен екені рас, соған қарамастан Бақытқожадан көп нәрсені үйренуге болатынын байқадым.

Жазушылық шеберлігі турасында әңгіме қозғар болсам, кезінде Абай айтқан тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін туындыларды осы азамат жазып келеді. Әрбір жарық көрген кітаптарының тұрақты оқырманымын. Немерелеріме, келген журналистерге насихаттап отырамын.

Бақыттың шығармашылығы шындала берсін. Өз ортасында бойы тік, сөйлеген сөзі нық болсын. Еңбегі жемісті болсын!

Бақыт Рүстемов әскерде үрлемелі аспаптар оркестрінің мүшесі болған. 1972 жыл.

